



Бүлдірген

Дайындаган: Маратова Фариза БКО-304

Жоспары:

- 1) Бүлдірген өсімдігі туралы ақпарат
- 2) Құрамы мен ерекшелігі
- 3) Қолданысы мен түрлері
- 4) Қорытынды



- ❖ **Бүлдірген** -раушангүлдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.
- ❖ **Отаны** – Шығыс Азия.
- ❖ **Таралған аймақтары** Еуропа, Америка. Қазақстанда барлық тау беткейлерінде өседі. Құлпынайға өте ұқсас келеді, бірақ көлемі құлпынайдан кішірек болады. Бүлдіргеннің биіктігі 5 – 25 см, бұтақталған сабағы ұзарған жер асты өркенін құрайды. Тілімденген ұзын сағақты жапырағы үш-үштен топтасады. Гүлі ақ немесе сары, қос жынысты, гүлшоғыры – көпгүлді қалқанша. Жемісі – жидек (қызыл, қызғылт шырынды). Мамырда гүлдеп, маусымда жеміс береді. Жер үсті бөлігі ұзын сағақты жапырақшалардан, гүл сағақтарынан және мұртшалардан тұрады. Қысқа мүйізшелері гүл бүршігімен аяқталады, келесі жылы олардан гүл сағағы өсіп шығады. Бұтағы арқылы көбейеді



Бүлдіргендер бал-шырынды және дәрілік өсімдіктер. Жемісі дәмді, хош иісті.

- ❖ **Құрамында** А, В1, В2, ... В9, РР, К витаминдері, органик. қышқылдар, фосфор, темір, кальций және т.б. пайдалы заттар болады.
- ❖ **Ерекшелігі:** Бүлдірген өзінің тегі жағынан алғанда орманда шығатын өсімдік, қар қалың жауатын, жазда оншалықты ыстық болмайтын, ылғалды салқын ауалы аймақтарда өседі. Бүлдірген шөп пен ағаштың аралық формасындағы жартылай жатық бағытта, әрдайым көк қалпында болатын көпжылдық өсімдік. Бүлдіргенді егісімен келесі жылы жидек бере бастайды. Бүлдіргеннің тамыры жерге 40-50 сантиметр тереңге тарайды, бірақ бұлардың негізгі бөлегі 25 сантиметр тереңдікте болады.



Түрлері: Қазақстанның суғармалы жерлерінде өсетін бірнеше сорттары бар. Олар: «Мәншүк», «Комсомолка», «Фестивальдық», «Талисман», «Зинга-Занга», «Талғарлық», т.б. Бүлдіргеннің Қазақстанда 2 түрі: орман бүлдіргені, жасыл бүлдірген бар. Олар, көбінесе, таулы аудандарда, ормандардың ашық 225 алаптарында және өзендердің бойында өседі.

Луиза сорты

Героиня Мәншүк сорты





Ташкентская сорты

Зенга-зенгана сорты



Қолданылуы

Бүлдіргеннің жемісі мен жапырағы медицинада кең қолданыс тапқан. Жапырақтары ұнтақ немесе қайнатып алынған тұнба түрінде қызылшамен ауырған адамның дене қызуын түсіру және асқазан сөлінің қышқылын азайту үшін қолданылады. Сонымен қатар жидегінің шырынына бал мен талқан ұосып, туберкулез ауруы бар адамға жегізеді. Бүлдіргеннің шырынын іш ауруына ішкізеді. Жапырағынан шай қайнатып, бүйрек тасын шығаруға, аяқ-қол ісуін басуға, ревматизмді, бауыр ауруларын, ішек ауруын емдеуге қолданады. Бүлдірген жапырағын ерте көктемнен бастап күзге дейін жинап, қараңғы жерде кептіреді. Бүлдіргеннен тосап, қақ, сусын жасайды. Кондитерлік өнімдерге қосады.

Қорытынды

- Бүлдірген – жан біткеннің бәрі жақсы көретін, жер талғамай өсе беретін аса дәмді жидектердің бірі. Бүлдіргеннің нәрлілігі (калориялылығы) бар жоғы 100 г-да 36,9 ккалды құрайды, бұның өзі оның нағыз диеталық өнім екенін білдіреді. Бүлдірген тек тәтті жидек пен керемет десерт қана емес, сонымен бірге таптырмас емдік нәрсе. Ол адам тәбетін жақсартады, ас қорытуға жағымды әсер етеді, терлеткіш және зәр айдау қасиетіне ие. Ол ағзаның тұз алмасу үдерісін қалыпқа келтіреді, шөлді басады, қан түзіліміне жәрдемдеседі.

Назарларыңызға рахмет!

